

ОКМУ:

ЕРЕКШЕ МАГИСТРАТУРА

Қазақстан Республикасы индустримальды-инновациялық дамуының 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуының жаңа жақты, тиянақты камтылғандығы еліміз экономикасының еркендеуінің кепілі болып табылады. Бағдарламаның орындалуы нәтижесінде халқымыздың өмір сапасының артатына ешкім күмән келтірмейді және еліміздің әрбір азаматы бұган көміл сенімді.

Бағдарлама бойынша жаңадан салынып, іске косылатын немесе модернизацияланатын көсіпорындар үшін қажетті мамандар даярлауга еліміз бойынша жетекші 10 жогары оку орны және 10 колледж конкурстық негізде таңдал алынды. Сол 10 жетекші университеттін ішіндегі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 4 бағыт бойынша сапалы, халықаралық талаптарға сай келетін мамандар даярлайтын болады. Бұл университет ұжымы үшін жогары мөртебе және үлкен жауапкершілік жүктейді.

Университет 6M072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы шенберінде "Поликомпоненттік минералды тыңайтыштарды синтездеу" білім беру бағдарламасы бойынша, 6M072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы мамандығы шенберінде "Мұнай өндіреу технологиясы" білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярлайды. Сондай-ақ, 6M073000 - Құрылым материалдары, бұйымдары және конструкциялары мамандығы шенберінде "Силикаттық материалдар өндірісі" білім беру бағдарламасы бойынша және 6M072800 - Өңдеу өндірістерінің технологиясы мамандығы шенберінде "Тамақ инженерлік және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі" білім беру бағдарламалары бойынша профильдік магистратурада жана өндірістерге қажетті мамандар даярлайтын болады.

Мемлекеттік бағдарлама бойынша мамандар-магистрлар даярлаудың қалыптасқан магистратурадан ерекшеліктері бар.

Мемлекеттік тапсырыс мемлекеттік бағдарлама есебінен бөлек белінеді және ауқымды (өр білім беру бағдарламасы бойынша 90-110 орын) болады.

Жұмыс берушілер, яғни бағдарлама бойынша іске косылатын көсіпорындар белгілі, сондықтан жұмысқа орналасуға кепілдік беріледі. Олардың катарында: "ПКОП" ЖШС, "Стандартцемент" ЖШС, "Шымкентцемент" ЖШС, "Казфосфат" ЖШС, "РФС" ЖШС, "Сары-Тас-удобрения" ЖШС, "Фудмастер" ЖШС, "Шымкентсұт" ЖШС, "Хилл Корпорейшн" ЖШС және тағы баскалар бар.

Барлық білім беру бағдарламаларының мазмұны шетелдік жогары оку орындары – өріптестерімізден және жұмыс беруші көсіпорындармен бірге дайындалған, сараптама негізінде келісілген. Өріптес – шетел жогары оку орындары деп отырғанымыз Мюнхен (Германия) техникалық университеті, Гент (Бельгия) университеті, Веймар (Германия) университеті, Қазан техникалық университеті, Россия химия-технологиялық университеті, Ресей мұнай-газ университеті болып табылады.

Жогары сапаны камтамасыз ету мақсатында заманауи материалды-техникалық база – жаңа лабораториялар ашу үшін әрбір білім беру бағдарламасына 2015 жылға 80 млн. теңге және 2016 жылға 80 млн. теңге көлемінде қаржат болініп отыр. Жабдықтарды сатып алу арнағы – ерекше төртіп бойынша жүргізіледі. Сатып альянатын жабдықтар мен приборлар шетелдік жогары оку орындары – өріптестеріміздің және көсіпорындардың талдау-сараптамасынан кейін анықталып, таңдалды.

Оку процесін үйімдастыруға және білім беру сапасына университеттін, өріптестеріміз – шетелдік жогары оку орындарының және жұмыс берушінің жауапкершіліктері бірдей.

Бағдарлама шенберінде университет оқытушылары өріптес шетелдік университеттерінде белгілілігін арттырады, 2015 жылдың жаз айларында 10 оқытушы 3 айлық курстан етеді. Осы мақсатта маусым айында университете оқытушыларға консультация өткізетін Мюнхен техникалық университетінің 2 профессорын күттіп отырмыз.

Магистратурада білім алушылар жұмыс беруші көсіпорындарда – болашақ жұмыс орнында 6 айлық өндірістік тәжірибеден етеді. Бұл дегеніміз – магистр оқуды бітірген соң бірден жұмысқа орналасып, қызмет атқаруға дайын болады деген сез.

Аталған ерекшеліктер жастаңдың шетелдік жогары оку орындарына бармай-ақ, халықаралық талаптарға сай сапалы білім алушына толық мүмкіндіктер түзгизетіледі. Бұл – мемлекеттік бағдарламаның ел экономикасын көтерудегі орны мен рөлін анық көрсететін, қосымша жаңа жұмыс орындар ашудың нақты мысалы және дәлелі.

Мұнай ерекше магистратура бүрін-сондық Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде болған емес, бұл эксперимент үш жыл жалғасады деп жоспарланып отыр. Экспериментте он нәтижеге көз жеткізіліп жатса, магистратура толькытай осындай білім беру тәсіліне көшеді.

Ерекше магистратурада 5B072000 - Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 5B072100 - Органикалық заттардың химиялық технологиясы, 5B072700 - Азық-тұлік тағамдары технологиясы, 5B072800 - Өңдеу өндірістерінің технологиясымен қатар 5B073000 - Құрылым материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру және 5B075300 - Балқуы киын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы мамандықтарының және оларға бағыттас, сыйайлас, саллас мамандықтардың түлектерінің білім алу мүмкіндіктері ете мол.

Минералды фосфорлы, калийлі және азотты поликомпоненттік тыңайтыштар, тұздар мен негіздер, мұнай мен газды түрлі заманауи технологиялармен терен өңдеудің өнімдерін, ауылшаруашылық мал және өсімдік өнімдерін қайта өңдейтін, құрылым материалдары мен бұйымдарын өндіретін көсіпорындары мен мекемелер Мемлекеттік бағдарлама шенберінде, мемлекеттік тапсырыс негізінде, ез қызметкерлерін білім алуға жіберіп, жогары білікті мамандар даярлап алушына болады.

Біздің салада мамандық аудуды мақсат тұтқан барлық үміткерлерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеттінің тенденсі жок ерекше магистратурасында білім алуға шақырамыз.

Дархан САБЫРХАНОВ,
техника ғылымының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы
ОКМУ-дің оқу-әдістемелік жұмыс бойынша проректоры.